

**«БД010300 – Педагогика және психология» мамандығы бойынша
философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған
«Жеткіншектердің диалогтық қарым-қатынасы дамуының
психологиялық-педагогикалық шарттары»
тақырыбындағы диссертациялық жұмысына**

АННОТАЦИЯ

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Қазіргі таңда әлемде болып жатқан әлеуметтік-экономикалық үрдістер адамдар арасындағы қарым-қатынастың түрленуіне әкеп соғуда, яғни виртуалды қарым-қатынас гүлденіп, жеке тұлғаның қарым-қатынастық күзиреттілігі әбден төмендеген, бұл шыдамсыздық, жауласу т.б. тудыруда. Осыған орай, білім беру жүйесіне әлеуметтік мәні зор қарым-қатынастық білік пен дағдыларды қалыптастыру жауапкершілігі жүктеледі, ол заманауи қоғамның серпінді тілектеріне сәйкес елдің мәдени-білім беру әлеуетінің негізін қалайды.

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында «білім алуда тұлғаның өзін-өзі дамытуын, дербестігін қамтамасыз ететін нәтижеге» бағытталу қажеттігі туралы айтылған. «Құндылықты білім беру жағдайында мектеп патриоттыққа баулу және өз өлкесінің адал азаматы етіп тәрбиелеуге ықпал етіп, жалпы ұлттық идеяларды іске асыруға үлес қосады». Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін жаңартудың басты мақсаты өзін-өзі басқаруға қабілетті өз бетінше дамытын жеке тұлғаны қалыптастыру болып табылады, бұдан мектеп оқушыларының бойында қарым-қатынастық білікті қалыптастыру қажеттігі туындайды.

Мектеп – білім беру жүйесінің өзегі, сондықтан оның басты міндеті еліміздің болашақ азаматтарының жеке тұлғасын дамыту үрдісінің негізін қалау. Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беру мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында мектеп оқушыларының танымдық және тілдік іс-әрекетінің білігі, дағдылары мен тәсілдерін қалыптастырудың аса маңызды жақтары айқындалған: «Білім беру мазмұны сыни және шығармашылық ойлай алатын, өз бетінше білім алып, оны іс жүзінде қолдана алатын белсенді жеке тұлғаны қалыптастыруды; оның *қарым-қатынастық қабілеттерін дамытуды* қамтамасыз ету қажет». Бүгінгі күні білім берудің жеке тұлғалық-бағдарлы тәсілдеме негізінде басты міндеттерінің өзгеруі мәдениетті және білімді адамның жаңа мұратының пайда болуына себепші болып отыр, ал оған қол жеткізудің құралы мен шарттары жеке тұлғаның қарым-қатынастық әлеуетін дамыту болып табылады.

Қарым-қатынас мәселесі орта сыныптағы жасөспірімдер үшін ерекше өзектілікке ие болуда, бұған келесі жағдайлар ықпал етеді:

- біріншіден, қарым-қатынас дәл осы жасөспірім шақта жетекші іс-

әрекет ретінде жеке тұлғалық дамудың көптеген жақтарын анықтай бастайды;

- екіншіден, орта сыныптарға көшкенде іс-әрекетте, қарым-қатынас пен әлеуметтік ортада түбегейлі өзгерістер орын алады;

- үшіншіден, жаһандық ақпараттық үрдістердің әсерінен жасөспірімдер тікелей қарым-қатынастан гөрі виртуалды байланысты артық көреді, бұл олардың қарым-қатынасының естіп-тыңдау, интерактивті жақтарына кері ықпал етіп, әлеуметтік және танымдық белсенділігін төмендетеді. Сондықтан орта білім беру жүйесіндегі қазіргі жағдайды оқушылардың қарым-қатынасын дамытудың жаңа жолдарын іздестіру уақыты деп анықтауға болады, мұндағы ең бастысы білім беру үрдісінің субъектілері ретінде оқушылардың қарым-қатынасының диалогтық түрін дамыту болып табылады.

Теориялық тұрғыдан диалогтық қарым-қатынас мәселесін талдау өзектілігі қарым-қатынасты психологиялық-педагогикалық тұрғыдан зерттеудің қисынды жалғасы болып табылады. Отандық және шет елдік ғалымдар қарым-қатынасты белсенді түрде зерттегенмен, адамның жеке тұлғасының қарым-қатынастағы орны мәселесі, диалогтық қарым-қатынасқа даяр екенін көрсететін факторлар ретінде оның жеке тұлғалық және әлеуметтік қасиеттері, мәселенаманың аса маңызды әрі көлемді болғанына қарамастан, біздің елімізде терең зерттеуге ие болған жоқ. Осыған орай, орта сыныптағы жасөспірімдердің диалогтық қарым-қатынасын дамытудың мәні мен шарттары мәселесін теориялық және ғылыми тәжірибелік жағынан тексеру қазіргі педагогика мен психологиядағы зерттеулердің өзекті бағыты болып табылады.

Диалогтың мұғалім мен оқушының оқудағы өзара әрекеттестігі формасы ретінде бұрыннан келе жатқандығына қарамастан (Сократ, Платон, Галилей т.б. заманынан бастап), зерттеушілер оған XX ғасырда ғана айрықша көңіл бөле бастады (В.С. Библер, Л.С. Выготский, А.О. Хараш, М.М. Бахтин т.б.).

Кеңестік ғылымда психология пәнін қайта қарастыру барысында іс-әрекет пен қарым-қатынас категориялары негізінде оның тұжырымдамалық аппаратын қайта құру мәніне баса назар аударылды (Б.Г. Ананьев, А.Н. Леонтьев, А.А. Бодалев, Л.С. Выготский, П.Я. Гальперин, В.В. Давыдов, М.И. Лисина т.б.). Отандық зерттеулердің бірқатарында студенттердің (С.М. Джакупов, Г.К. Кулжанбекова, Б.А. Мукушев, М.Н. Есенгулова т.б.), мектеп жасына дейінгі балалар мен бастауыш сынып оқушыларының (Х.Т. Шерьязданова, Н.Б. Жиенбаева, Л.А. Куранбаева, Ж.К. Исаева т.б.), жоғарғы сынып оқушыларының (Н.Н. Подобед, К.А. Абдреимова т.б.) бірлесіп іс-әрекет ету қағидасына негізделген қарым-қатынастың рөлі айрықша мәнге ие.

Диалог шығармашылық ойлаудың негізі екенін, диалектіліктің шығармашылық ойлаудың жүйе құраушы құрамдасы ретінде диалогтан тыс дами алмайтынын дәлелдеген психологиялық-педагогикалық зерттеулердің (В.Б. Библер, Г.Я. Буш, М.И. Лисина т.б.) нәтижелеріне сүйене отырып, В.А. Ерунов, Т.С. Кудрина, Г.М. Кучинский, А.М. Матюшкин,

Л.А. Петровская, Л.И. Подлесная, А.У. Хараш т.б. диалогты жүзеге асыру формалары мен оның педагогикалық әлеуетін зерттеген; К. Левин, Н.Ю. Посталюк т.б. диалогтың қызығушылықты, уәждемені оята алатын қызметін айқындаған; З. Абасова, М.А. Молчанова, В.В. Сериков, Е.Н. Шиянова т.б. диалогтың оқу үрдісінде мұғалім мен оқушының субъект пен субъектінің өзара әрекеттестігінің формасы ретінде оқушы мен мұғалімнің жеке тұлғасын дамытатындығын көрсетті.

С. Архангельский, Л.Я. Гальперин, В.В. Давыдов, Л.В. Занков, И.Я. Зимняя, В.А. Кан-Калик, А.А. Леонтьев, Б.Ф. Ломов, А.К. Маркова, В.В. Сериков, Д.Б. Эльконин т.б. өз еңбектерінде диалогтық оқыту барысындағы оқушының жеке тұлғасының дамуын жеке тұлғалық және жеке-дара-шығармашылық тұрғыдан қарастырудың психологиялық ойларын зерттеген.

С.П. Баранов, А.А. Вербицкий, А.Е. Дмитриев, М.М. Левина, М.И. Махмутов, В.А. Оконь т.б. қазіргі дидактиканың оқытудың жаңа технологиялары туралы белгілері мен қағидаларын айтарлықтай нақты қарастырған.

Жаңашыл педагогтар өз тәжірибесінде (Ш.А. Амонашвили, С. Лысенкова, Е.Н. Ильин, В.Ф. Шаталов т.б.) диалогты мұғалім мен оқушының сабақ үстіндегі өзара әрекеттестігі деп айқындап, диалогты оқытуда іс жүзінде қолданудың нақты мысалдарын көрсетеді.

Алайда, жалпы білім беретін мектептің (әсіресе орта сыныптардың) тәжірибесінде диалогтық қарым-қатынас оқыту және тәрбиелік әлеуетіне қарамастан өзіне тиісті орнын тапқан жоқ. Оның диалогтардың жіктелуі, қалыптасу деңгейлері, оқушылардың диалогқа кірісуі, әр түрлі жастағы топтарда диалогты жүргізудің технологиясы мен әдістемесі сияқты қырлары шешімін тапқан жоқ, аталмыш факторлардың диалогтық қарым-қатынастың дамуы аясындағы әрекетінің ерекшелігі, оқу-тәрбиелік үрдісте жасөспірімдердің диалогтық қарым-қатынас формасының қалыптасу жолдары әлі зерттелген жоқ. Аталмыш мәселе болашақ педагогтардың кәсіби дайындығында да, ұстаздардың білімін жетілдіру және қайта дайындау жүйесінде де өз бағытын тапқан жоқ.

Мәселенің психологиялық-педагогикалық ғылымдағы жай-күйіне талдау жасап, жалпы білім беретін мектептің оқу-тәрбиелік үрдісінде диалогтық қарым-қатынастың даму үрдісін зерттеу барысында келесі қарама-қайшылықтар айқындалды:

- қазіргі жасөспірімдердің диалогтық қарым-қатынасының мәнін айқындау қажет, дегенмен психологиялық-педагогикалық ғылымда аталмыш құбылысты зерттеуде теориялық және әдіснамалық тәсілдемелер айтарлықтай негізделмеген;

- білім беру үрдісінің субъектілері ретінде жасөспірімдердің оқу іс-әрекеті барысында диалогтық қарым-қатынасын объективті түрде дамыту қажет, дегенмен оны жүзеге асырудың ғылыми негізделген психологиялық-педагогикалық әдістері мен формалары жоқ.

Психологиялық-педагогикалық зерттеулерге және жалпы білім беретін мектептің тәжірибесіне жасалған талдау көрсеткендей, айқындалған қарама-қайшылықтарды шешу қарастырып отырған ғылыми бақыттағы ізденістің маңызды алғышарттарының бірі болып табылады, өйткені осы қарама-қайшылықтарды ескере отырып, орта сыныптағы жасөспірімдердің диалогтық қарым-қатынас формаларының дамуын қамтамасыз ететін мектептің білім беру үрдісінің психологиялық және педагогикалық мүмкіндіктерінің жиынтығын анықтау қажеттігін көздейтін зерттеу мәселесі анықталған еді.

Зерттеудің мақсаты – жасөспірімдердің диалогтық қарым-қатынасын дамытудың психологиялық-педагогикалық шарттарын териялық негіздеу және тәжірибеде тексеру.

Зерттеу нысаны – жалпы білім беретін мектептің оқу-тәрбиелік үрдісі.

Зерттеудің пәні – жалпы білім беретін мектептің 5 сынып оқушыларының диалогтық қарым-қатынасын дамытудың психологиялық-педагогикалық шарттары.

Зерттеудің міндетері:

- «жеткіншектердің диалогтық қарым-қатынасы» ұғымының мәнін нақтылау және сипаттау;
- жеткіншектердің диалогтық қарым-қатынасын дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделін жасау;
- жеткіншектердің диалогтық қарым-қатынасын дамытудың психологиялық-педагогикалық шарттарын анықтау;
- жалпы білім беретін мектептің орта сыныптағы жеткіншектердің диалогтық қарым-қатынасын дамытудың кешенді психологиялық-педагогикалық бағдарламасын жасап, тәжірибеде тексеру;
- жеткіншектердің диалогтық қарым-қатынасын дамыту бойынша мұғалімдер мен психологтарға арналған әдістемелік ұсыныстар жасау.

Зерттеудің жалпы ғылыми болжамы:

Егер кешенді психологиялық-педагогикалық бағдарламаға негізделіп, оқушылардың диалогтық қарым-қатынасының жас ерекшелігі мен жеке тұлғалық ерекшеліктерін және мұғалімдердің оқу диалогын жүзеге асыруға дайын болуын ескере отырып орта сыныптағы жеткіншектердің диалогтық қарым-қатынасын дамытса, оның дейгейі көтеріледі, өйткені оқу-тәрбиелік үрдісте субъект пен субъектің өзара әрекеттестігіне қажетті жағдайлар жасалып, оның тиімді әдістері мен формалары қолданылатын болады.

Зерттеудің жетекші ойы: орта сыныптағы жеткіншектерді оқу диалогына белсенді түрде араластыру мұғаліммен бірлескен шығармашылық, жеке тұлғалық субъект пен субъектің өзара әрекеттестігі негізінде диалогтық қарым-қатынас формасының дамуына жағдай жасайды.

Зерттеудің теориялық-әдіснамалық негізі:

- Жеке тұлғалық-әрекеттік тәсілдеме, оқушының жеке тұлғалық қырларын ескеріп, білім беру іс-әрекетін шығармашылық өзара әрекеттестікке, білім беру үрдісінің субъектілері ретінде оқушылар мен мұғалімнің бірлескен іс-әрекетіне арналған кеңістік деп қарастырады;

- Жүйелік тәсілдеме, диалогтық қарым-қатынастың жүйе ретінде психологиялық-педагогикалық шарттарын айқындауға мүмкіндік береді;

- Құзіреттілік тәсілдеме, білім берудің оқушылардың жеке тұлғасын дамытуға және олардың ең басты қарым-қатынастық құзіретін қалыптастыруға бағытталуын қарастырады.

Детерминизм, даму, сана мен іс-әрекеттің бірлігі, жүйелілік қағидалары.

- М.М. Бахтиннің мәдениеттің диалогтық тұжырымдамасы, С.М. Жакуповтың бірлескен диалогтық танымдық іс-әрекет теориясы, Н.Б. Жиенбаеваның жеке тұлғаның дамуының қарым-қатынастық парадигмасы;

- И.К. Кряжев, А.А. Леонтьев, Б.Ф. Парыгин т.б. тұжырымдамалары.

Зерттеу әдістері. Зерттеу жасалған ғылыми болжамды тексеріп, алға қойған міндеттерді шешуге бағытталған әдістер жиынтығы негізінде жүргізілді:

1) *теориялық әдістер:* зерттеу мәселесі бойынша философиялық, психологиялық-педагогикалық, ғылыми-әдістемелік әдебиетке, ҚР білім беру нормативті-құқықтық құжаттарына, зерттеп отырған мәселенің қазіргі жағдайының даму деңгейін анықтауға мүмкіндік беретін оқу жоспарларына, бағдарламаларына, мектеп құжаттамасына талдау жасау;

2) *эмпирикалық әдістер:*

- эмпирикалық әдістер: сауалнама жүргізу, сұхбат жүргізу, оқушыларды әр түрлі жағдайларға кіргізу; сарапшылық бағалау әдісі;

- психологиялық-педагогикалық ғылыми тәжірибе;

- деректерді өңдеу және талдап түсіндіру әдістері: қол жеткізген нәтижеге сапалы талдау жасау, деректерді статистикалық өңдеу әдістері: факторлық талдау, Стьюденттің Т-өлшемі т.б.

Зерттеудің ғылыми тәжірибе бөлімінде психологиялық диагностика әдістемелерінің кешені қолданылды: М.Ш. Магомед-Эминов түрлендірген А. Мехрабианның аффилиация уәждемесін өзгертуге арналған тест-сауалнамасы; В.В. Бажин, Е.А. Голынкина, А.М. Эткинд түрлендірген Дж. Роттердің субъективті бақылау деңгейінің тест-сауалнамасы; қарым-қатынастың диалогтылығы деңгейін анықтау әдістемесі, социометрия, аутосоциометрия, референтометрия, аутореферентометрия.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы мен теориялық мәнділігі:

– «жеткіншектердің диалогтық қарым-қатынасы» ұғымының мәндік сипаттамасы нақтыланды;

– жеткіншектердің диалогтық қарым-қатынасын дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалды;

– диалогтық қарым-қатынас үрдісінде жеке тұлғаның дамуын қамтамасыз ететін психологиялық-педагогикалық шарттар анықталды;

Зерттеудің практикалық мәнділігі:

– зерттеу міндеттері аясында жалпы білім беретін мектептің орта сыныптарының оқу-тәрбиелік үрдісінің дәстүрлі тәжірибесі қорытындыланды;

– орта сынып оқушыларының диалогтық қарым-қатынасын дамыту бойынша кешенді психологиялық-педагогикалық бағдарлама жүзеге

асырылды;

– жеткіншектердің диалогтық қарым-қатынасын дамыту бойынша мұғалімдер мен психологтарға арналған әдістемелік ұсыныстар жасалып, енгізілді.

Қорғауға ұсынылатын қағидалар:

1. Жеткіншектердің диалогтық қарым-қатынасы дегеніміз қарым-қатынасты ұйымдастырудың белсенді субъект пен субъект формасы, ол ақпарат алу немесе белгілі бір ықпал ету мақсатында жеке тұлғаның екінші қатысушыға (жасөспірім немесе мұғалім) ықпалының шынайы бағыттылығы дегенді білдіреді және ол жағдайдың (оқу немесе тұлғааралық қарым-қатынас) және сөйлесу ниетінің ортақтығымен сипатталады. Жеткіншектердің диалогтық қарым-қатынас формасы жеке тұлғаның субъектаралық белсенділігінің даму үрдісінің айжырамас құрамдас бөлшегі ретінде диалогтық қарым-қатынасты ұйымдастырудың психикалық жағынан дұрыс даму үшін, жеке тұлға ретінде даму үшін және сабақты жақсы оқу үшін оңтайлы белгілі бір деңгейін көрсетеді – қарым-қатынас субъектілерінің өзара сенімі, құқықтарының теңдігі, өзара түсіністігі. Жасөспірімдердің диалогтық қарым-қатынасының дамуының көрсеткіштері – оның бағыттылығы, қарқынды әрі жемісті болуы.

2. Орта сыныптағы – жеткіншектердің диалогтық қарым-қатынасы жасөспірімнің әлеуметтік мәртебесімен, жеке тұлғалық қасиеттерінің даму деңгейімен (аффилиацияны қажет ету, бақылау локусы, жеке тұлғаның диалогтылығы) анықталып, дамудың жоғары, орташа және төмен деңгейлерімен сипатталады. Диалогтық қарым-қатынас әлеуетінің шектеулі болуы педагогтың ықпалының бағыттылығына (белсенді ықпал етуі, оқу-тәрбиелік ықпалдың біржақты бағыттылығы), диалогты жүргізу құзіретінің деңгейіне тәуелді.

3. 5 сынып оқушыларының диалогтық қарым-қатынасын дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі құрамында келесідей бөлшектері бар диалогтық қарым-қатынасты дамыту үрдісінің құрылымы мен мазмұнын көрсетеді: жеткіншектердің диалогтық қарым-қатынасын қалыптастырудың мақсаты мен міндеттері, мазмұны (диалогтық қарым-қатынас пен оның құрамдас бөлшектері), кезеңдері (диагностикалық, дамытпалы, қорытынды), дамыту формалары, әдістері, технологиялары мен құралдары, өлшемдері мен деңгейлерінің сипаттамасы, диалогтық қарым-қатынасты қалыптастыру үрдісінің нәтижесі.

4. Жеткіншектердің диалогтық қарым-қатынасын табысты дамытудың психологиялық шарттары келесідей: жасөспірімдердің диалогтық қарым-қатынасының жеке тұлғалық алғышарттарының қалыптасқандығы (бақылаудың интерналды локусы, аффилиацияны қатты қажетсіну, жеке тұлғаның диалогтылығы); мұғалімнің оқу диалогына дайын болуы, диалогтық қарым-қатынасты дамыту үрдісін психологиялық жағынан ұйымдастыру. Жеткіншектердің диалогтық қарым-қатынасын дамытудың педагогикалық шарттары: пән мұғалімдерінің оқушылардың диалогты жүргізе алу қабілетін қалыптастыратын әдістемелерді қолдануы;

мұғалімдерге диалогтың сан алуан түрлерін қолдану технологияларын үйрету; әр түрлі пәндерді оқыту мазмұнын оқушылардың диалогтық қарым- қатынасын дамытуға бағыттап іріктеу.

Зерттеу нәтижелерінің анықтығы мен дәлелділігі зерттеу нысанын сипаттау мен зерттеуге жүйелік тұрғыдан келумен; ғылыми тәжірибенің зерттеудің мақсаты, міндеттері мен шарттарына сәйкес қисынды түрде өткізілуімен; материалдарды зерттеу мен өндеудің заманауи әдістерін қолданумен, зерттеу нәтижелерін іріктеу мен мақұлдаудың сайма-сай болуымен, тәжірибелік-сынақтық жұмыстың жүргізу барысы мен нәтижелеріне сандық және сапалық талдау жасау үшін оны қайталап жүргізу мүмкіндігімен қамтамасыз етілді.

Зерттеудің тәжірибелік базасы: Алматы қ. № 94 қалалық мектеп гимназиясы. Сынаққа 5 сынып оқушыларынан 294 жасөспірім қатысты. Зерттеудің алғашқы жылында сынаққа 112 оқушы қатысты, екінші жылы 98 оқушы, үшінші жылы 80 оқушы қатысты. Зерттеу 2014 жылдан 2017 жылға дейін жүргізілді.

Зерттеу нәтижелерін мақұлдау. Диссертациялық жұмыстың мазмұны 11 ғылыми еңбекте көрініс тапты, олардың ішінде: 4 еңбек Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда, 3 еңбек Scopus базасына енген ғылыми басылымда жарық көрсе, 4 еңбек халықаралық конференциялар материалдарына, соның ішінде 1 еңбек шет елдік конференция материалдарына енді.

Диссертация құрылымы. Диссертация 185 беттен тұрады, онда 25 кесте және 5 сурет бар. Пайдаланған әдебиеттер тізімі 158 атаудан тұрады, олардың ішінде 18 атауы шет тілдерінде.